



нығайту мен дамыту мақсатында  
2012 жылғы 6 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан - Қытай мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері және олардың жұмыс режимі туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 11-бабын басшылыққа ала отырып,  
төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Келісімге мынадай өзгерістер енгізілсін:  
4-баптың 2-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:  
«Нұр жолы» (Қазақстан Республикасы) - «Қорғас» (Қытай Халық Республикасы) өткізу пункттерінде уақытша басқа жұмыс кезеңдері мен сағаттары белгіленген.»;  
көрсетілген Келісімге қосымшада:  
«Автомобиль өткізу пункттері» деген бөлімде:  
реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

1.	Нұр жолы	Алматы облысы, Панфилов ауданы	Қорғас	ШҰАА Іле-Қазақ автономиялық облысының Хочен уезі	көпжақты (халықаралық) жүк-жолаушылар	тәуліктің күндізгі уақытында
----	----------	-----------------------------------	--------	--------------------------------------------------------	------------------------------------------	------------------------------------

».

## 2-бап

«Нұр жолы» (Қазақстан Республикасы) - «Қорғас» (Қытай Халық Республикасы) өткізу пункттері ашылғаннан кейін «Қорғас» (Қазақстан Республикасы) — «Қорғас» (Қытай Халық Республикасы) өткізу пункттері жабылады.

## 3-бап

Осы Хаттама Келісімнің 11-бабына сәйкес оның ажырамас бөлігі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісімнің қолданылуы тоқтатылғанға дейін қолданылады.

2015 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ каласында әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін Қытай Халық Республикасының Үкіметі үшін